


**Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі**  
**“Арын еріктілері” мектепішілік еріктілер клубының 2023-2024 оку жылында жүргізген**  
**жұмыстарының есебі**

“Арын еріктілері” мектеп клубының негізгі міндөті- мектепте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамалар көтермеледе. Осы мақсатта М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде “Арын еріктілері” клубы құрылды, жұмыс жоспары бекітілді.

«Адал ұрпақ- болашақ негізі» атты тақырыбында жиын өтті. Мектеп ұжымы мен 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен өткен жиын мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзыялды азаматты немесе патриотты қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатын көздеді.

«Табиғатқа тазалықты қайтарып, адамдарға мейірімділік сыйлаймыз» тақырыбында акция өтті. Акция аясында 11-сынып оқушылары мектеп ауласындағы ағаштарды қысқы мезгілге дайындау жұмыстарымен қатар, тазалық жұмыстарын жүргізді.



Мектеп оқушылары "Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз 16 күн" акциясына қатысып, аялдамалар мен халық жіңі шоғырланатын орындарға жадынамалар орнатты.



2023 жылдың 28-ші қарашасында М.Арын атындағы ҚҚОМ-нің “Арын еріктілері” тобының ұйымдастыруымен кездесу өтті. Кездесу қонағы, 2022 жылы облыстың “Жыл көшбасшысы” атағын алған азамат. “Жүрекten жүрекке” еріктілер тобында 10 жыл белсенді қызмет атқарып келе жатқан, Ақтөбе жүрті маңтанып келе жатқан Элішер Садық мырзамен кездесті, оқушы іні-қарындастарына бағыт-бағдар көрсетті және жаңа бастамаларға сәттілік тіледі. Кездесу барысында, білім беру ұйымдары арасында жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, диалог орын алды. Сонымен қатар бұл жиынға Қызылжар орта мектебінің еріктілері қатысты.




“Жемқорлық індет, жою міндет” ой-талқы өтті. Оқушыларға адам құқықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, “жемқорлық” деген не екенін түсіндіру, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, патриорттық сезімдерін ояту мақсатында өтті.



Қар тазалау жұмысына қатысқан еріктілер мектеп ауласында қаоды тазалап, ауа-райының қолайсыздығына қарамастан далада жұмыс істеп жатқан жұмысшыларға ыстық шай таратты.


Жоспарға сай акпан айында еріктілер мектеп ауласын қардан тазалау жұмыстарына қатысты. 15 наурыз – Қайырымдылық күніне орай «Наурыз мейірім» жақсылық жасап жарысайық ұранымен еріктілер бұл күнді қайырымдылық, мейірім мен тату көршілік тақырыбына арнады. Қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сініріп, жанашырлық пен өзара қол ұшын беру құндылықтарын қалыптастыруға себепкер болды.



Сәуір айында “Жастар жемқорлыққа қарсы” іс-шарасы өтті. Арнайы әзірленген тақырыптық бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың түйген ойлары тыңдалды. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызгадеген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті тұлғаны қалыптастыру. Азаматтың міндегі — заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндегін орындау. Өйткені заң дегеніміз — өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы- атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі-қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

“Арын еріктілері” мектеп клубы мүшелеріне ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық,

әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көніл бөлу қажеттігі бойынша нақты жұмыстар атқарылды және бұл іс-шаралар ары қарай өз жалғасын табады.

“Арын еріктілері” жетекшісі  Елшат Еркінұлы Әуезханов